

Агроөнеркәсіп кешенін лизинг негізінде машина жасау өнімдерімен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 23 желтоқсан N 1851. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Агроөнеркәсіп кешенін машина жасау өнімдерімен жабдықтауды жақсарту, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Агроөнеркәсіп кешеніндегі лизинг туралы қоса беріліп отырған Ереже б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігімен, тағы басқа мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып агроөнеркәсіп кешенін лизингтік негізде машина жасау өнімдерімен жабдықтау тәртібін бекітсін, лизинг қорын құру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, е н г і з е т і н б о л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі қаржы лизингі операцияларын жүзеге асыру негізінде инвестициялық қызметті жедел дамыту және оны мемлекеттік қолдау мақсатында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін техникалық жағынан қайта жарақаттандыру бойынша лизинг қорын құру үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне 1996 жыл бюджетінде қайтарымдық негізде 600 (алты жүз) миллион теңге мөлшерінде қаржы бөлуді көздесін. Одан кейінгі жылдарға бюджет жобасын жасау барысында аталған қорды толықтыруға қаржыларды бағыттау мүмкіндіктері қарастырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті халықаралық қаржы лизингінің объектісі болып табылатын тауарларды кеден заңдарына сәйкес, кеден төлемдерін төлей отырып, уақытында әкелу тәртібімен ресімдеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі "Кең дала" акционерлік қоғамымен бірлесе отырып лизинг берушіге кейінгі мерзімдерде (техникалық және жабдықтар) мүлік құнын нақты қайтару м е х а н и з м і н п ы с ы қ т а с ы н .

6. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі халықаралық лизингті қоса отырып, қаржы лизингі

операцияларын кең түрде пайдалану негізінде Қазақстанда инвестициялық қызметті белсенді дамыту үшін қажетті жағдайлар жасайтын болсын.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің**

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы
"23" желтоқсандағы
N 1851 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Агроөнеркәсіп кешеніндегі лизинг туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Агроөнеркәсіп кешеніндегі лизинг (агролизинг) - бұл уақытша жұмсалмай тұрған немесе жұмсауға тартылған қаржы қаражаттарын инвестициялау есебінен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының техникалық жарақтандырылу деңгейін көтеруге бағытталған машиналарды, жабдықтарды, көлік құралдарын және өндірістік мақсаттағы ғимараттарды ұзақ мерзімге жалдау.

2. Нарықта еркін айналымға түсуге тыйым салынған мүліктен басқа, ауыл шаруашылығы мақсатындағы негізгі құралдарға қолданылып жүрген топтауға жатқызылатын кез-келген қозғалыстағы және қозғалмайтын мүлік, сондай-ақ кеден заңдарына сәйкес уақытша әкелуге (әкетуге) жатпайтын мүліктер агролизинг объектісі бола алуы мүмкін.

3. Агролизинг субъектілері мыналар:

лизинг беруші - лизинг қызметін, яғни осы мүлік үшін арнайы алынған шарт бойынша лизинг беруді жүзеге асырушы заңды тұлға;

лизинг алушы - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы заңды ұйым немесе заңды ұйымның білімінсіз кәсіпкерлік қызметпен айналысушы және мүлікті лизинг шарты бойынша пайдалануға алған жеке кәсіпкер ретінде тіркелген а з а м а т б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Лизинг компаниялары (фирмалар) акционерлік қоғам нысанында немесе басқа да құрылтай құжаттарына және лизинг берушілер функциясының лицензияларына сәйкес орындайтын ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылатын ұ й ы м д а р .

5. Лизингтік мүліктерді сатып алуды қаржыландыруды лизинг компаниялары жеке меншік немесе заемдық қаржылар есебінен жүзеге асырады.

6. Лизинг шарты төменгідей талаптарға жауап беруі тиіс:

егер шартта өзге жағдайлар көзделмесе, онда лизинг алушы агролизинг объектісі мен лизингтік мүліктер сатушысын таңдауға құқылы;

лизинг алушы лизинг мүлкін тек қана өндірістік мақсаттарға пайдаланады;
лизинг беруші лизинг мүлкін сатушы адамнан оны лизинг алушыға лизингіге беру жағдайында ғана сатып алады;

лизингтің барлық кезеңдері ішіндегі лизингтік төлемдер сомасы мәмле жасау кезіндегі бағалар есебімен лизингтік мүлік құнынан төмен болмауы тиіс.

7. Лизинг шарты жұмысының барлық жұмысының мерзімі ішінде лизингке берілген мүлік лизинг берушінің меншігі болып табылады.

Лизинг шартында шарт мерзімі біткенше немесе біткенге дейін лизинг алушының лизинг мүлкін сатып алу құқығы көзделуі мүмкін.

II. Агролизинг шартына қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

8. Агролизинг шартына қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасы заңдарымен және шарт жағдайларымен реттеледі.

9. Агролизинг шартына қатысушылар арасындағы даулар қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіп бойынша шешіледі.

10. Лизинг алушыға лизинг мүлкін пайдалану құқығы лизинг шартында белгіленген жағдайларда ғана беріледі.

11. Лизинг алушы лизинг шартында көзделген төлемдерді лизинг берушіге уақытында төлеуге міндетті. Шартта лизингтік төлемдерді төлемегені немесе уақытында төлемегені үшін санкциялар көзделуі тиіс.

12. Қатысушылар лизинг шартындағы жағдайларды бұзған жағдайда, олар белгіленген тәртіп бойынша шартты бұзуды талап етуге құқықты.

13. Кездейсоқ өлім, жоғалту, лизинг мүлкін лизинг алушыға бергенге дейін оны бүлдіріп алғанға лизинг беруші, ал мүлікті лизинг алушыға берген сәттен бастап лизинг алушы жауап береді.

14. Лизинг алушы өзіне лизинг мүлкін берген сәттен бастап мүліктің сапасына, жинақтылығына және оны жеткізіп беру мерзімдеріне, және басқа да лизинг алушы мен лизинг беруші арасындағы сатып алу-сату шарттарының тиісінше орындалмауы тұрғысында лизинг берушіден талап ете алады. Лизинг беруші осы жағдайда лизинг мүлкін сатушыға талап қояды.

15. Егер лизинг шартында өзге жағдайлар көзделмесе, онда лизинг алушы беруші алдындағы өз жауапкершілігін сақтандырумен қоса, лизинг мүлкінің сақталуы мен ұсталуы жөніндегі барлық шығындарды, сондай-ақ пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және осы мүліктерді жөндеуге байланысты пайда болған барлық шығындарды өз мойнына алады.

III. Лизинг төлемдері

16. Лизинг алушы лизинг мүлкін пайдалану ақысын лизинг берушіге төленетін лизинг төлемдері түрінде жүзеге асырады. Төлемдердің мөлшері, тәсілдері, нысаны және мерзімділігі лизинг шартында тараптардың келісуі

б о й ы н ш а б е л г і л е н е д і.

Лизинг төлемдерінің жалпы сомасына: мерзімдігі
лизинг мүлкінің толық құнын өтейтін сома:

олардың лизинг шарты бойынша өткізген мүлікті сатып алуға пайдаланған несие ресурстары үшін лизинг берушіге төленетін сома;

лизинг берушінің комиссиялық сыйақысы. Бюджет қаржыландыруы есебінен лизингтік қор жасау кезінде лизинг берушінің комиссиялық сыйақысының шекті мөлшері Қазақстан Республикасы Ауылшарминінің Қаржыминімен, Экономминімен келісім арқылы белгіленеді;

егер лизинг беруші мүліктерді сақтандырған болса, лизинг мүлкін сақтандырғаны үшін төленетін сома;

лизинг берушінің агролизинг шартында көзделген өзге де шығындары енгізіледі.

IV. Бухгалтерлік есептеу және есеп беру

17. Бухгалтерлік есептеу мен есеп беруді жүргізу барысындағы лизингтік операцияларды көрсету белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.